

# Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:  
[www.philips.com/support](http://www.philips.com/support)

CRD200

Сұрағыңыз  
бар ма? Philips  
компаниясына  
хабарласыңыз



## Қолданушының нұсқасы

**PHILIPS**



# Мазмұндар кестесі

**1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары** 2

**2 Телефоныңыз** 2

Қорапта не бар 2

Телефонға шолу 3

**3 Жұмысты бастау** 4

Негізгі станцияны қосу 4

Күн мен уақытты орнату 5

Күту режимі дегеніміз не? 5

**4 Дисплей белгішелері** 5

**5 Қоңыраулар** 6

Қоңырау шалу 6

Қоңырауға жауап беру 6

Телефон тұтқасының

шұңғылшасының/дауыс

зорайтқыштың дыбыс деңгейін

реттеу 6

Микрофон дыбысының деңгейін

төмендету 6

Қоңырауды қосу/өшіру 7

Дауыс зорайтқышты қосу/өшіру 7

Қоңырауды ауыстыру 7

**6 Қоңырау журналы** 7

Қоңырау жазбаларын қарау 8

Қайта қоңырау шалу 8

**7 Қайта теру тізімі** 8

Қайта қоңырау шалу 8

**8 Параметрлер** 9

Қоңырау дыбысын орнату 9

Қоңырау дыбысының деңгейін орнату 9

Экран кереғарлығын орнату 9

Теру режимі 9

Қайта қоңырау шалу ұзақтығын таңдау 9

**9 Техникалық мәліметтер** 10

**10 Ескерту** 10

Ескірген өнімді тастау 10

**11 Жиі қойылатын сұрақтар** 11

# 1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

## Абайлаңыз

- Желідегі кернеу EN 60950 стандартында анықталғандай TNV-3 (Электробайланыс желісіндегі кернеу) ретінде жүйеленген.

Зақымды немесе ақаулықты болдырмау үшін:

## Ескерту

- Әрдайым өніммен бірге ұсынылған кабельдерді пайдаланыңыз.
- Кішкентай металл заттардың өніммен жанасуына жол бермеңіз. Ол дыбыс сапасын нашарлатуы және өнімді зақымдауы мүмкін.
- Металл заттар телефон тұтқасына жақын немесе оның үстінде орналасса, олар шоғырланып қалуы мүмкін.
- Жарылыс қаупі бар ортада өнімді қолданбаңыз.
- Телефон тұтқасын, негізгі станцияны немесе зарядтағышты ашпаңыз, себебі тым жоғары кернеуге тап болыңыз мүмкін.
- Өнімге сұйықтықтың енуіне жол бермеңіз.
- Құрамында спирт, аммиак, бензин немесе абразивті заттары бар тазартқыш құралдарды қолданбаңыз, құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Телефонды жылыту жабдығы немесе тікелей күн сәулесі сияқты қатты ыстық жерде пайдаланбаңыз.
- Телефоныңызды құлатып алмаңыз немесе өзге заттардың оның үстіне құлап кетуіне жол беріңіз.
- Жақын жердегі белсенді ұялы телефондар кедергі келтіруі мүмкін.


Жұмыс істеу және сақтау температурасы туралы

- Температурасы 0°C пен 40°C аралығында болатын (ылғалдылығы 90%-дан аспайтын) бөлмеде пайдаланыңыз.
- Температурасы -20°C пен +45°C аралығында болатын (ылғалдылығы 95%-дан аспайтын) бөлмеде сақтаңыз.


# 2 Телефоныңыз

Сатып алынған зат құтты болсын және Philips өнімдері орталығына қош келдіңіз!  
Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өніміңізді [www.philips.com/welcome](http://www.philips.com/welcome) торабында тіркеңіз.

## Қорапта не бар



Тірек орны



Телефон тұтқасы



Желі сымы



Тұтқаның бұрамалы сымы




Кепілдік



Пайдаланушы нұсқаулығы

## Телефонға шолу



- ① ▲
  - Мәзір бойымен жоғары жылжу.
  - Солға жылжыту.
- ② **МЕНЮ/ОК**
  - Басты мәзірге кіру.
  - Таңдауды растау.
- ③ 🗑️
  - Өңдеу кезінде санды жою.
  - Мәзірден шығу.
- ④ ▲
  - Қоңырау кезінде динамиктің/ құлақсаптың дыбыс деңгейін реттеу.
  - Күту режимінде қоңырау үнінің дыбыс деңгейін реттеу.
- ⑤ 🎵

Қоңырау үнін өшірулі күйге орнату.
- ⑥ 🗣️

Қоңырау кезінде микрофон дыбысын қосу немесе өшіру.
- ⑦ **ПОВТОР/||**
  - Жергілікті қоңырауды шалу кезінде үзіліс енгізу.
  - Күту режимінде соңғы шығыс қоңырауына қатынау.
- ⑧ **R**

Қайта қоңырау шалу пернесі (бұл мүмкіндік желіге байланысты).
- ⑨ 🗣️
  - Телефон дауыс зорайтқышын қосу/ өшіру.
  - Дауыс зорайтқыш арқылы қоңырау шалу және қоңырауларды қабылдау.
- ⑩ **Микрофон**
- ⑪ \*

Импульстік режим кезінде уақытша үнді орнату.
- ⑫ ☀️

Күту режимінде СҚД экранындағы контраст деңгейін орнату.
- ⑬ 🎵

Күту режимінде қоңырау үнін орнату.
- ⑭ **Дауыс зорайтқыш**
- ⑮ 🗣️←

Ол кіріс қоңырауы журналын көрсетеді.
- ⑯ 🗣️→

Ол шығыс қоңырауы журналын көрсетеді.
- ⑰ ▼
  - Мәзір бойымен төмен жылжу.
  - Оңға жылжыту.

# 3 Жұмысты бастау

## ! Ескерту


- Телефонды қосу және орнату алдында «Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары» бөліміндегі қауіпсіздік нұсқауларын міндетті түрде оқып шығыңыз.

## Негізгі станцияны қосу


### ☰ Ескертпе

- Егер сандық жазылу желісі (DSL) жоғары жылдамдықты интернетке телефон желісі арқылы жазылған болсаңыз, телефон желісі сымы мен қуат розеткасы арасында DSL сүзгісі орнатылғанына көз жеткізіңіз. Сүзгі DSL әсерінен туындайтын шу мен қоңырау шалушы идентификаторына қатысты мәселелердің алдын алуға мүмкіндік береді. DSL сүзгілері туралы ақпарат алу үшін DSL қызметін көрсетуші провайдерге хабарласыңыз.
- Типтік кесте негізгі станцияның астыңғы жағында орналасқан.
- Желі сымы ажыратылған кезде, барлық параметрлер 20 секунд ішінде қалпына келеді.

- 1 Желі сымының әр ұшын келесілерге жалғаңыз:
  - бөлшектің артқы жағындағы телефон ұясына;
  - қабырғадағы телефон ұясына.



- 2 Тұтқа сымын негіз бен телефон тұтқасына қосыңыз.



## Күн мен уақытты орнату

- 1 МЕНЮ/ОК түймесін басыңыз.
- 2  тармағын таңдау үшін ▲ / ▼ түймесін басыңыз, растау үшін МЕНЮ/ОК түймесін басыңыз.
- 3 Күн мен уақытты енгізу үшін сандық түймелерді басыңыз, растау үшін МЕНЮ/ОК түймесін басыңыз.

Телефон қолдануға дайын.

## Күту режимі дегеніміз не?

Телефон қолданылмай тұрған кезде күту режимінде болады. Күн мен уақыт және кіріс қоңырау санағышы күту режимінде көрсетіледі.

## 4 Дисплей белгішелері

Күту режимінде басты экрандағы белгішелер телефонда қолжетімді мүмкіндіктерді көрсетеді.

Белгіше	Сипаттамалар
	Күн мен уақытты таңдау.
	Жауап берілген кіріс қоңырауын қоңыраулар журналынан қараған кезде белгіше қалыпты күйіне оралады.
	Бұл қоңыраулар тізімінде шығыс қоңырауын көрсетеді.
	Жауап берілмеген қоңырау бар.
	Бұл бір нөмірден қайталанған жауап берілмеген қоңырауларды көрсетеді.
	Қоңырауды таңдау.
	Қоңырау үнін өшіру мүмкіндігі қосылды.
	СКД экранының контраст режимін таңдау.
	Дауыс зорайтқыш қосулы.
	Қоңырау кезінде микрофон дыбысын қосу немесе өшіру.
R	Қайта қоңырау шалу ұзақтығын таңдау.
T/P	Үндестік режимін/импульстік режимді таңдау.

# 5 Қоңыраулар

## Қоңырау шалу

Келесі әдістер арқылы қоңырау шала аласыз:

- Қалыпты қоңырау
- Алдын ала теру қоңырауы

Сондай-ақ, қайта теру тізімінен және қоңырау журналынан (ақылдасу 'Қайта қоңырау шалу' бет 8) қоңырау шала аласыз.

## Қалыпты қоңырау

- 1 Телефон тұтқасын көтеріңіз немесе  түймесін басыңыз.
- 2 Телефон нөмірін теріңіз.  
↳ Нөмір терілді.

## Алдын ала теру қоңырауы

- 1 Телефон нөмірін теру
  - Санды өшіру үшін  түймесін басыңыз.
  - Үзіліс енгізу үшін **ПОВТОР/||** түймесін басыңыз.
- 2 Телефон нөмірін теру үшін тұтқаны алып,  түймесін басыңыз.

## Қоңырауға жауап беру

Телефон шылдырлағанда қоңырауға жауап беру үшін келесі опциялардың бірін таңдауға болады:

- телефон тұтқасын көтеру;
-  түймесін басу.

### Ескертпе

- Қызмет көрсетуші провайдерден қоңырау шалушы идентификаторы қызметіне жазылған болсаңыз, қоңырау шалушының телефон нөмірін экранда көресіз.

### Кеңес

- Жауап берілмеген қоңырау бар болса,  белгішесі көрсетіледі.

## Телефон тұтқасының шұңғылшасының/дауыс зорайтқыштың дыбыс деңгейін реттеу

Қоңырау кезінде дыбыс деңгейін реттеу үшін  түймесін басыңыз.

## Микрофон дыбысының деңгейін төмендету

- 1 Қоңырау кезінде  түймесін басыңыз.  
↳ Қоңырау шалушы сізді естімейді, алайда, сіз оны естисіз.
- 2 Микрофонды ажырату үшін  түймесін қайта басыңыз.  
↳ Енді қоңырау шалушымен сөйлесе аласыз.

## Қоңырауды қосу/өшіру

- 1 Қоңырауды өшіру үшін  түймесін басыңыз.  
↳ Экранда  белгішесі көрсетіледі.
- 2 Қоңырауды қосу үшін  түймесін қайтадан басыңыз.

## Дауыс зорайтқышты қосу/өшіру

-  түймесін басыңыз.

## Қоңырауды ауыстыру

### Ескертпе

- Бұл қызмет желіге байланысты. Қосымша төлемдер жөнінде ақпаратты қызмет көрсетуші провайдерінен алыңыз.

- 1 Бірінші қоңырау шалыңыз.
- 2 Қоңырау кезінде **R** түймесін басыңыз.
- 3 Екінші қоңырау шалыңыз.
- 4 Екінші жақ қоңырауға жауап бергенде телефон тұтқасын қойыңыз.  
↳ Бірінші қоңырау екінші қоңырауға ауыстырылады.

## 6 Қоңырау журналы

Қоңыраулар журналында барлық кіріс немесе шығыс қоңыраулары сақталады. Кіріс қоңыраулары журналында қоңырау шалушының нөмірі, қоңырау шалу уақыты мен күні қамтылады. Бұл мүмкіндік қоңырау шалушы идентификаторы қызметін қызмет көрсетуші провайдерінде тіркеген болсаңыз, қолжетімді болады. Телефон 48 қоңырау жазбасын сақтай алады. Экрандағы кіріс/шығыс қоңырауы белгішесі жауап берілмеген қоңырауларды еске салу үшін қосылады. Егер қоңырау шалушы өзі туралы ақпаратты көрсетуге рұқсат етсе, оның нөмірін көре аласыз. Ең соңғы қоңырау жазбасы бірінші көрсетіледі.

### Ескертпе

- Қоңырау жазбасынан тікелей кері қоңырау шалу үшін қоңырау жазбасындағы нөмір дұрыс екеніне көз жеткізініз.
- Кіріс не шығыс қоңырауларындағы енгізбелер саны терілген не қабылданған қоңыраулар нөмірінің ұзындығына байланысты және әр түрлі болады. Ең көп енгізбелер саны — 48, ал ең аз енгізбелер саны — 28.

---

## Қоңырау жазбаларын қарау

---

### Кіріс қоңырауы жазбалары

- 1  түймесін басыңыз.  
↳ Кіріс қоңыраулары журналы көрсетіледі.
- 2 Жазбаны көру үшін  /  түймесін басыңыз.



#### Ескертпе

- Жауап берілмеген қоңыраулар үшін  белгішесі көрсетіледі. Қайталанған жауап берілмеген қоңыраулар үшін  белгішесі көрсетіледі.

---

### Шығыс қоңырауы жазбалары

- 1  түймесін басыңыз.  
↳ Шығыс қоңыраулары журналы көрсетіледі.
- 2 Жазбаны көру үшін  /  түймесін басыңыз.

---

### Қайта қоңырау шалу

- 1 Күту режимінде  /  түймесін басыңыз.  
↳ Кіріс/шығыс қоңырауы экранда көрсетіледі.
- 2 Тізімдегі жазбаны таңдау үшін  /  түймесін басыңыз.
- 3 Телефон тұтқасын көтеріңіз немесе қоңырау шалу үшін  түймесін басыңыз.

## 7 Қайта теру тізімі

Қайта теру тізімінде терілген нөмірлердің тізімі сақталады.

---

### Қайта қоңырау шалу

Қайта қоңырау шалудың 2 жолы бар:

- Соңғы қайта теру жазбасын көру үшін **ПОВТОР/||** түймесін басыңыз. Содан кейін нөмірді қайта теру үшін тұтқаны алыңыз не  түймесін басыңыз.
- Телефон тұтқасын алып,  түймесін басыңыз. Нөмірді қайта теру үшін **ПОВТОР/||** түймесін басыңыз.

## 8 Параметрлер

### Қоңырау дыбысын орнату

9 қоңырау үнін таңдай аласыз.

- 1 Күту режимінде  түймесін басыңыз.  
↳ Экранда  жыпылықтайды.
- 2 Параметрді таңдау үшін  /  түймесін, одан кейін растау үшін **МЕНЮ/ОК** түймесін басыңыз.

### Қоңырау дыбысының деңгейін орнату

Төмен немесе жоғары дыбыс деңгейін реттеу үшін күту режимінде  түймесін басыңыз.

### Экран кереғарлығын орнату

Телефон экранының кереғарлығын түрлі деңгейлерге орната аласыз.

- 1 Күту режимінде  түймесін басыңыз.  
↳ Экранда  жыпылықтайды.
- 2 Параметрді таңдау үшін  /  түймесін, одан кейін растау үшін **МЕНЮ/ОК** түймесін басыңыз.

### Теру режимі

#### Ескертпе

- Бұл мүмкіндік елге байланысты болады, тек қана үндестік және импульстік терулерді қолдайтын үлгілер үшін қолжетімді.

Теру режимі — мемлекетіңізде қолданылатын телефон сигналы. Телефон үндестік (DTMF) және импульстік (айналмалы) теруге қолдау көрсетеді. Толық ақпарат алу үшін қызмет көрсетуші провайдеріне хабарласыңыз.

### Теру режимін орнату

- 1 **МЕНЮ/ОК** түймесін басыңыз.
- 2 **T/P** белгішесін таңдау үшін  /  түймесін басыңыз, растау үшін **МЕНЮ/ОК** түймесін басыңыз.
- 3 Параметрді таңдау үшін  /  түймесін басыңыз, растау үшін **МЕНЮ/ОК** түймесін басыңыз.

#### Ескертпе

- Егер телефон импульстік теру режимінде болса, қоңырау кезінде уақытша үндестік режимге ауысу үшін \* түймесін басыңыз. Бұл қоңырау үшін енгізілген сандар дыбыс сигналдары ретінде жіберіледі.

### Қайта қоңырау шалу ұзақтығын таңдау

Екінші қоңырауға жауап бермес бұрын қайта қоңырау шалу уақыты алдын ала орнатылғанына көз жеткізіңіз. Қалыпты жағдайда телефон үшін қайта қоңырау шалу ұзақтығы алдын ала орнатылады. Қолжетімді опциялар саны елге байланысты әр түрлі болады. Толық ақпарат алу үшін қызмет көрсетуші провайдерге хабарласыңыз.

- 1 **МЕНЮ/ОК** түймесін басыңыз.
- 2 **R** белгішесін таңдау үшін  /  түймесін басыңыз, растау үшін **МЕНЮ/ОК** түймесін басыңыз.
- 3 Параметрді таңдау үшін  /  түймесін басыңыз, растау үшін **МЕНЮ/ОК** түймесін басыңыз.

## 9 Техникалық мәліметтер

### Жалпы техникалық сипаттамалары мен мүмкіндіктері

- 48 жазбас бар қоңырау журналы
- 9 қоңырау үні
- Қолдау көрсетілген қоңырау шалушы идентификаторы: FSK, DTMF

### Қуат шығыны

- Әрекетсіз режиміндегі қуат тұтынуы: шамамен 0,18 мВт

### Салмағы және көлемі

- Телефон тұтқасы: 116,2 грамм  
45 x 181 x 49 мм (Б x Е x Қ)
- Негіз: 349,2 грамм  
154 x 219 x 51 мм (Б x Е x Қ)

## 10 Ескерту

### Ескірген өнімді тастау



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/EU еуропалық директивасына сәйкес келетінін білдіреді.

### Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

# 11 Жиі қойылатын сұрақтар

## Теру дыбысы жоқ

Телефоныңыздың желі сымына дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.

## Телефон тұтқасы шырылдамайды.

Телефонның желі сымына дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.

## Ешнәрсе көрсетілмейді немесе анық емес көрсетіледі

Экранның контраст деңгейін тексеріңіз.

## Қоңырау шалушы идентификаторы көрсетілмейді.

- Қызмет белсендірілмеген. Қызмет көрсетуші провайдерден сұрап біліңіз.
- Қоңырау шалушы туралы ақпарат бүркеулі немесе қолжетімсіз.



### Ескертпе

- Егер жоғарыдағы шешімдер көмектеспесе, желі сымын ажыратып, 1 минуттан кейін қайта жалғаңыз.







2015 © Gibson Innovations Limited.

Барлық құқықтары қорғалған.

Бұл өнімді Gibson Innovations Ltd. жасап шығарған және ол соның жауапкершілігімен сатылады. Gibson Innovations Ltd. осы өнімге кепілдік береді.

Philips және Philips Shield Emblem - Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады. және Koninklijke Philips N.V. лицензиясынәсәйкес пайдаланылады.

UM\_CRD200\_51\_KK\_V3.0  
WK15385

